

Ескелді ауданы, Төлеңгіт ауылдық округінің қой, ешкі малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою үшін шектеу іс-шараларын енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 маусымдағы N 171 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 12 шілдеде N 2-9-110 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 407 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық әкімдігінің 29.12.2014 № 407 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес және Ескелді аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 29 сәуірдегі ұсынысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданы, Төлеңгіт ауылдық округіндегі Жетісу және Екпінді ауылдарының қой, ешкі малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. Төлеңгіт ауылдық округіндегі Жетісу және Екпінді ауылының барлық мал түрлерін түгелдей қадағалау Төлеңгіт ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы **А. Дауыталиновқа** жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Қ. Алпысбаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланғаннан күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Дүйсембінов